Бөлім:	Терімшілер-аңшылардан бастап егіншілер мен мал өсірушілерге дейін	
Педагогтің аты-жөні	Отар Әл фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	14.09.2026 (5 E) 09.09.2026 (5 D) 08.09.2026 (5 L) 11.09.2026 (5 H) 10.09.2026 (5 K)	
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	**Неліктен ежелгі адамдар Ласко үңгірінің қабырғаларына сурет салған?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.2.2.1 ежелгі адамдардың тұрмыс салтын сипаттау үшін «алғашқы қауымдық өнер» ұғымын пайдалану; 5.2.1.2 тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді білу	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар: ● алғашқы қауымдық өнер туындыларын қолдану арқылы ежелгі адамдардың өмірі мен тұрмыс салтын сипаттайды ● ежелгі адамдардың діни түсініктері туралы біледі, оларды ажырата алады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: ● Тарихи дереккөздерде берілген теориялар мен гипотезалар туралы дискуссияға қатыса алады.	
Құндылықтарға баулу	Еркіндік, теңдік, ұлттық ой-сана, патриотизм.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **Ұйымдастыру Кезеңі** **Қызығушылықты ояту** **8 мин**	Сыныптағы жарықты өшіріп, оқушыларды тыныштықта, көздерін жұмып, үңгірге саяхат жасайтынын елестетуді хабарлаңыз. Енді сынып бөлмесін үңгір ретінде қарастырып, электр шамын жас зерттеушілер қалай қолданатындығын сұраңыз. Қараңғы жерге жеткен соң, жасанды жарыққа бейімделу	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	ҚБ мадақтау	Ласко үңгірінің суреттері

	қажеттігін түсіндіре отырып, әңгімені жалғастырыңыз. Ласко үңгірінің суреттерін көрсетіңіз. Бұл суреттерді Францияда балалар 1940 жылы тапқандығы туралы айтыңыз. Оқушыларға жұпта ақылдасып, келесі сұрақтарға жауап беруін сұраңыз: ● Не көріп тұрсыз? ● Нені сезіндіңіз? . **Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру**	Оқушылардың айтқан болжамдарын тақтаға (флипчартқа) жазып, бүкіл сыныппен талқылайды		Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы **Жаңа сабақ** **30 мин**	**1 тапсырма** **ВЕНН диаграммасы** Аңшылықты бейнелейтін қазіргі уақыттағы суреттерді таратыңыз. Жартастағы және қазіргі суреттерді салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықта. -Қандай аңдарды көруге мүмкін болатындығын сұраңыз. Сыныпқа, ғалымдардың пікірінше, бұл суреттердің ежелгі тас дәуірінде, осыдан 25000 жыл бұрын салынып, алғашқы қауымдық өнердің алғашқы үлгілері болып табылатындығы туралы айтыңыз. **2-тапсырма Пірікірің қажет!** Суреттерден сол тарихи кезеңде өмір сүрген адамдардың өмірі туралы нені білуге болатындығын талқылап, пікір алмасуға тапсырма беріңіз. Оқушылардың болжамдарын бүкіл сыныппен талқылаңыз. **3-тапсырма Талқыла.**	Бағалау критерийлері: ● Оқушылар алғашқы өнер үлгілерін қолдана отырып, алғашқы адамдардың өмірін суреттейді. Дескрипторлар: 1. Қойылған сұрақтарға жауап береді. 2. Мысалдар келтіреді. 3. Қорытынды шығарады. Бағалау критерийлері: ● Оқушылар ежелгі діни нанымдарды біледі және айыра алады. Дескрипторлар: 1. Карточкаларды дұрыс сәйкестендіреді. 2. Мысалдар келтіреді.	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады **ҚБ** «Ең үздік жауап» **ҚБ** «Алақан-жұдырық»	Ласко үңгірі туралы бейнебаян суреттер ВЕНН диаграммасы Кесте

	Суреттердің шығу себептеріне байланысты тарихшылардың берген нұсқаларын қарап шығыңыздар. Оқушылардың пікірінше сенімді болып табылатын себептерді (суреттердің салынуына қатысты) талқылаңыздар. **4-тапсырма. С»йкесін тап** Ежелгі діни түсініктер мен олардың анықтамалары жазылған карточкалар мен осы түсініктердің бейнелейтін суреттерді таратып, оларды сәйкестендіруді тапсырыңыз. Ежелгі адамдардың діни түсініктерінің қалыптасу себептерін сыныппен талқылаңыздар.	3. Қорытынды шығарады.	**ҚБ** «Жұлдызшалар»	сызбалар
Сабақтың соңы **Қорытынды** **Ой толғаныс.** **Рефлексия** **7 мин.**	Кері байланыс «**Бұл сабақты оқып, мен…»** Білмеймін ..... Білемін ..... Түсінемін ..... Түсінемін және қолдана аламын .... Басқа біреуді үйрете аламын	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	1. **Ежелгі адамдарды жануарлар дүниесінен ерекшелейтін факторлар**			